

Жекешелендірудің «Екінші толқыны»

Жекешелендірудің 2014 - 2016 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы

Алматы, 2015 жыл



Жекешелендіру - бұл

- меншік құқығының кәсіпорынға немесе мүлікке мемлекеттен жеке заңды немесе жеке тұлғаларға өту үдерісі;



Шығу тарихы

- Жекешелендірудің кешенді бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентімен 2014 жылдың қаңтар айының ортасында қабылданған болатын. Халыққа жолдауында ол мемлекеттің қатысуы бар барлық компанияларға талдау жүргізуді және жекешелендіруге жататын кәсіпорындар тізімін анықтауды тапсырды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2014 жылғы 31 наурызда Жекешелендірудің 2014 – 2016 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілген болатын.



Бағдарлама шеңберіндегі әлеуметтік жауапкершілік

- Кәсіпорын бейінінің және жұмыс орындарының сақталуы – сатып алушыға байланысты талаптар сақталмаған кезде, тіпті шартты бұзуға дейінгі жазалау шаралары қолданылады.
- Сатып алу талаптары конкурс талаптарында жазылады. Бөлек жағдайларда жоғарыда белгіленгендерді қоспағанда, басқалары болуы мүмкін.
- Жекешелендірілетін компаниялардың үлесі бөлінбейтін бірыңғай лотпен сатылады.



Жекешелендіру қағидаттары

Сатудың тиімді тетіктерін қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарды іске асыру негізіне 3 қағидат қаланған:

- **Ашықтық.** Электрондық сауда-саттық жүргізу үдерісін ҚР Қаржы министрлігінің электрондық алаңы қамтамасыз етеді www.gosreestr.kz.
- **Заңдылық.** Қолданыстағы заңнамаға сәйкесе, егер нысанның басқа қатысушы болса, онда ҚР Азаматтық кодексінің 216 б. сәйкес оған сатып алудың басым құқығы беріледі. Бас тартқан жағдайда, нысан сауда-саттықта сатылады.
- **Экономикалық мақсаттылық.** Барлық активтер әділ нарықтық құнмен сатылады.



Активтерді сату тетігі

Активтер 3 жолмен сатылады:

- **Электрондық аукцион** – жеңімпазды іріктеу өлшемдері баға болып табылған жағдайларда.
- **Электрондық тендер** – сатып алғаннан кейін кәсіпорын иесімен орындау қажет болатын белгіленген талаптардың болуы.
- **Екі кезенді конкурс** қатысушыларды таңдауды және олармен келіссөздер арқылы ең жақсы ұсынысты таңдауды болжайды – бұл жол стратегиялық маңызды нысандарға қатысты қолданылады



Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу

Нысандарды сату бірнеше кезеңдерден тұрады.

- **Сату алдындағы дайындық** сауда-саттықтың ұйымдастырушысы басқарушы органмен бірлесе жүзеге асырады. Оның барысында нысан бойынша ақпарат жинау, бағалау және сату талаптарын белгілеу, әдісі, сауда-саттықты өткізу күні, бағасы бойынша ұсынымдарды жасау жүргізіледі.
- **Сату** – автоматтандырылған үдеріс, ол ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтеді www.gosreestr.kz.
- **Мәміленің аяқталуы.** Жеңімпазды анықтағаннан кейін сатып алу-сату шартына қол қойылады, төлем жүргізіледі және нысанды қабылдау-табыстау актісіне қол қойылады.



Алматы қаласы бойынша жекешелендіру



Алматы қаласы бойынша жекешелендіру

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2014 - 2016 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларымен 2014, 2015 жылдарға арналған сату кестелері және 2016 жылы жекешелендіруге жатқызылған мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізімі бекітілді. Бүгінгі күнгі жағдай бойынша сату алдындағы дайындық жүргізілуде. 2014 жылы коммуналдық меншіктің 5 нысаны бәсекелі ортаға берілді (ЖШС-гі үлестері).



2014 жылы сатылған коммуналдық меншіктегі объектілердің тізімі

№	Атауы	Сатылатын үлес %	Иеліктен шығарудың түр	Сатылым құны, теңге	Сату мерзімі (айы)
1	«Архимед мектебі» ЖШС	15,38	ҚР АҚ 216 бабына сәйкес екінші қатысушыға сатылды	26 667 347	шілде
2	«Almaty Trade Consulting» ЖШС	30	ҚР АҚ 216 бабына сәйкес екінші қатысушыға сатылды	45 360	тамыз
3	«Алматы қаласының Ақпараттық Жүйелер Орталығы» ЖШС	51	Коммерциалық тендер	50 000 000	қыркүйек
4	«СейсмоСтройЗащита» ЖШС	100	Коммерциалық тендер	70 100 007	қазан
5	«Автобусный парк №7» ЖШС	49	ҚР АҚ 216 бабына сәйкес екінші қатысушыға сатылды	30 676 006	желтоқсан

2015 жылы іске асыруға жатқызылған коммуналдық меншік нысандарының ТІЗІМІ

№	Атауы	Сатылатын үлес %	Іске асыру мерзімі
1	«Ә. Қастеев атындағы бейнелеу өнері және техникалық көркемдеу мектебі» кешені КМКК	Қайта құрудан кейін анықталатын болады	қазан
2	«Емдеу - диагностикалық орталығы» МККК	Қайта құрудан кейін анықталатын болады	қазан
3	«Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» МККК	Қайта құрудан кейін анықталатын болады	қараша
4	«Халықтық-ұлттық спорт түрлері және бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру клубы» МККК	Қайта құрудан кейін анықталатын болады	қараша
5	«Баскетбольный клуб «Алматы» ЖШС	100	желтоқсан
6	«Global Ecological Group Almaty» ЖШС	49	Желтоқсан

Алматы қаласы бойынша жекешелендіру

- Бәсекелі ортаға беру жөніндегі іс-шаралар жекешелендірудің бекітілген жоспарына сәйкес жалғасуда. Бұл іс-шаралар 2016 жылы аяқталатын болады.



Анықтама үшін байланыстар

Коммуналдық меншікті және мемлекеттік акция
пакеттерін жекешелендіру бөлімі

«Алматы қаласы Қаржы басқармасы» КММ

Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 97

Тел. : (727) 272 23 48



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

